



"Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 14 шілдедегі N 667

Темір жол көлігін басқару құрылымын оңтайландыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны оған "Алматы темір жолы", "Түркістан темір жолы", "Батыс темір жолы", "Сарыарқа темір жолы", "Ақмола темір жолы" еншілес мемлекеттік кәсіпорындарын заңдарда белгіленген тәртіппен қосу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына "Жолаушылар тасымалы", "Мамандандырылған әскерилендірілген күзет қызметі" еншілес мемлекеттік кәсіпорындарын құруға рұқсат берілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі